# AKMOLA.KZ

## ТАБЕЛЬ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

# Басты бет

akmola.kz жүйесінің басты бетінде «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына кезекке қою және жолдама беру» бөлімін таңдаңыз.

Сондай-ақ басты бетте нұсқаулықтар бөлімі мен техникалық қолдау нөмірі көрсетілген.

Ашылмалы тізімнен өзіңіздің ауданыңызды таңдаңыз.






# Авторизация

Порталға кірудің екі тәсілі бар:

## 1. ЭЦҚ кілті арқылы

- «Сертификатты таңдаңыз» батырмасын басыңыз
- «Сақтау орны» жолында ЭЦҚ орналасқан жолды көрсетіңіз
- Құпиясөзді енгізіп, «Ашу» батырмасын басыңыз
- Кілтті таңдап, «Қол қою» батырмасын басу қажет

МАҢЫЗДЫ! ЭЦҚ-мен жұмыс істеу үшін алдын ала NCALayer бағдарламалық жасақтамасын орнату қажет!




## 2. Бір реттік код арқылы

- Өтініш берушінің телефон нөмірі мен ЖСН-ін енгізіп, «Кіру» батырмасын басыңыз
- Бір реттік кодты енгізіңіз
- «Кіру» батырмасын басыңыз




МАҢЫЗДЫ! Жүйеге бір реттік код арқылы кіру үшін көрсетілген телефон нөмірі мен ЖСН МАБ жүйесінде тіркелген болуы қажет!

# Қатысу табелі

Авторизациядан өткеннен кейін Жеке кабинетте «Қатысу табелі» бөлімін таңдау қажет.



# Қатысу табелі

Табельді көру үшін баланы өзіңізге тіркеу қажет.

Өтінімді өзіңізге тіркеу үшін «Қатысу кестесін көрсету үшін баланы байланыстыру» батырмасын басыңыз.




Одан кейін баланың ЖСН-ін енгізіп, «ОК» батырмасын басыңыз.



# Табельді растау

Қатысу табелінде ашылмалы тізімнен баланы таңдап, айды көрсетіңіз.

Одан кейін табель мен «Растау» батырмасы пайда болады.




МАҢЫЗДЫ! Өткен айдың табелін келісу үшін табельді растау әр айдың 1-інен 10-ына дейін қолжетімді.

Ата-ана табельді растау үшін «Растау» батырмасын басып, ЭЦҚ кілтімен немесе бір реттік код арқылы қол қою қажет.

МАҢЫЗДЫ! Егер қатысу табелі екі ай қатарынан расталмаса, және бұл табельдегі деректермен келіспеу себебінен болмаса, ваучер жарамсыз деп танылады.